

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы немесе Кеңесі шешім қабылдар алдында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасында Бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитет шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы консультациялар жүргізуге міндетті мәселелер туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2015 жылғы 15 шілдедегі № 14 өкімі

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы Ереженің (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 1 қосымша) 25-тармағына сәйкес:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы немесе Кеңесі шешім қабылдар алдында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасында Бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы жөніндегі консультативтік комитет шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы мынадай мәселелер:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасы арқылы өткізу пункттерін жараптандыру кезінде инфрақұрылымды дамыту және жаңа технологиялар енгізу;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасы арқылы өткізу пункттерін материалдық-техникалық жараптандыруға және абағтандыруға қойылатын талаптарды айқындау;

в) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасы арқылы өткізу пункттерін сыйыптау (мамандандыру);

г) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендейк шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі мемлекеттік бақылауды жетілдіру, оның ішінде "бірынғай терезе" тетігін пайдалана отырып жетілдіру бойынша міндетті түрде консультациялар жүргізсін.

2. Осы Өкім ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Беларусь Қазақстан Ресей
Республикасынан Республикасынан Республикасынан Федерациясынан
В.Габриелян В.Матюшевский Б.Сагынтаев И.Шувалов